

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-16 " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Шөптікөл ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 маусымдағы № 63-9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 маусымда № 6396 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының " 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Шөптікөл ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 56-16 шешіміне (2020 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5919 тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Шөптікөл ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 47 358 мың теңге:

салықтық түсімдер – 3 180 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімі – 44 178 мың теңге;

2) шығындар – 47 358 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0:

қарыздар түсімі – 0;
қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
сессиясының төрағасы

Н.Синдякина

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
хатшысы

Е.Адилбеков

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихаты
2020 жылғы 25 маусымы
№ 63-9 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
2020 жылғы 8 қаңтардағы
№ 56-16 шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Шөптікөл ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і Сыныбы	Атауы	Сом а (мың теңге)
			1. Кірістер	4 7 358
1			Салықтық түсімдер	3 180
	01		Табыс салығы	200
		2	Жеке табыс салығы	200
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 980
		1	Мүлікке салынатын салықтар	30
		3	Жер салығы	750
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 200
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	4 4 178

	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	44 178
		3	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен түсетін трансферттер	44 178
Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сома (мың теңге)
			2. Шығындар	47 358
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	20 058
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20 058
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18 638
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1420
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	14 300
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14 300
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	300
		014	Елді мекендерді сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру	14 000
13			Басқалар	13 000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	13 000
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	13 000
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
			Қарыздар түсімдері	0

		Қарыздарды өтеу	0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК